# 2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1429

*РҚАО-ның ескертуі:* P021429 *қаулысын қараңыз.*

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 350, 351, 352, 353, 354, 355, 356, 357, 358, 359, 360, 361, 362, 363, 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 371, 372, 373, 374, 375, 376, 377, 378, 379, 380, 381, 382, 383, 384, 385 , 386, 387, 388, 389, 390, 391, 392, 393, 394, 395, 396, 397, 398, 399, 400, 401, 402, 403, 404, 405, 406, 407, 408, 409, 410, 411-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына 350 қосымша

*Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.07.01. N 150г* қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған 001 "Әкімшілік шығындар" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 166012 мың теңге (бір жүз алпыс алты миллион он екі мың теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 21- 24 баптары , "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталынатын Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1754 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 сәуірдегі N 314 "Штаттық сан лимиттерін бекіту туралы" қаулысы . <*>

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жүктелген міндеттерді барынша тиімді орындауға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі орталық аппаратының қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің аппаратын қаржыландыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Әкімшілік шығындар | | | |
| | | 001 | Орталық органның аппараты | 242 бірлік санындағы штаттық кестеге сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің орталық аппаратын ұстау | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне жүктелген қызметтің сапалы әрі уақытылы орындалуы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 351 қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған 007 "Орта кәсіптік білімді мамандар даярлау" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 384 346 мың теңге (үш жүз сексен төрт миллион үш жүз қырық алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 4, 8 , 13, 29-баптары , "Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды өткізу тәртібінің Нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 желтоқсандағы N 1268 қаулысы , "Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы , "Білім алу кезеңінде көмекті қажет ететін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшері мен көздері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 мамырдағы N 738 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1754 " Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" қаулысы , " Жолаушылар мен жүк тасымалдаудағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік жүйені жетілдіру Тұғырнамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 сәуірдегі N 594 қаулысымен бекітілген 2000 жылға арналған Қазақстан Республикасының Көлік қауіпсіздігінің деңгейін көтеру жөніндегі ведомствоаралық шаралары жоспарының 1 бөлімінің 11-тармағы, жолаушылар мен жүк тасымалдаудағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік жүйені жетілдіру бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 желтоқсандағы N 1962" қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жеке адамның интеллектуалдық, мәдени және адамгершілік даму сұраныстарын, қалаған кәсіптік қызметі бойынша орта кәсіптік білім және мамандық алуын қанағаттандыру, қоғамның орта кәсіптік білімі бар білікті мамандарға деген әлеуметтік-экономикалық сұранысын қанағаттандыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ел үшін аса маңызды мәні бар орта кәсіптік білім беру оқу орындарында мамандар даярлау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Шағын бағдарламаның коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 007 | Орта кәсіптік білімді мамандар даярлау. | Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарға байланысты оқу процесін жүргізу. Оқушыларды жыл сайын Қазақстан Республикасының қаулысымен бекітілген орта кәсіптік білімі бар мамандар даярлау жөніндегі мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес қабылдау. Орташа жылдық оқыту құрамы - 2640 оқушы | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: мемлекеттік және халықаралық стандарттар талаптарына жауап бере алатын, еңбек рыногінде бәсекелестік қабілеті бар білікті мамандар оқытып шығару.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 352-қосымша

*Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.07.01. N 150г* қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған 009 "Жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 839658 мың теңге (сегіз жүз отыз тоғыз миллион алты жүз елу сегіз мың теңге). < * >

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 25, 40-баптары ; " Білім" Мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы ; "Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 9 қаңтардағы N 1059 қаулысы; Қазақстан Республикасы

Үкіметі мен Түрік Республикасы Үкіметі арасындағы Түркістан қаласында Қожа Ахмет Яссауи атындағы Қазақ-Түрік халықаралық университетін құру туралы Анкара қаласында 1992 жылғы 31 қазанда қол қойылған келісім.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: экономика, әлеуметтік салаларды, ұлттық мәдениетті қоғамның, жеке бас пен еңбек нарқының сұранысына жауап беретін жоғары мамандармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: оқуға 1999 жылға дейін түскен кәсіптік жоғары білімі бар мамандарды сапалы даярлау, білім беру бағдарламаларын жетілдіру, оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын енгізу, білім беру жүйесін жаңа құқықтық, ғылыми-әдістемелік, қаржылық-материалдық негіздермен және кадрлармен қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар:

| N | Бағ. дар. лама коды | Ша. ғын бағ. дар. лама. ның коды | Бағдарлама. ның (шағын бағдарлама.ның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер. зім. дері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 009 | | Жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау | | | |
| | | 091 | Ел ішіндегі жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау | Оқу процесін мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес жүргізу; оқу, әдістемелік, ғылыми, мәдени-ағарту жұмыстарын қамтитын білім беру қызметін іске асыру; оқу | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

процесін ұйымдастыру үшін материалдық-техникалық жағдайлар жасау; Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес толығымен мемлекет қамқорлығындағы студенттерді тамақпен қамтамасыз ету; орташа жылдық оқыту контингенті - 7635 студент.

-------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: қоғам дамуының интеллектуалдық, мәдени және адамгершілік деңгейін көтеру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына 353-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған 010 "Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау" республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 35 872 мың теңге (отыз бес миллион сегіз жүз жетпіс екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 8 , 21, 27-баптары ; " Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 3-бабы ; "Мемлекеттік қызметтен өту тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 наурыздағы N 357 Жарлығы ; " Мемлекеттік қызметшілерді даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін көтеруді одан әрі жетілдіру жөніндегі іс-шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 қыркүйектегі N 4075 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11

шілдедегі N 151-1 Заңы ; "Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 тамыздағы N 769 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық ғылыми-практикалық дене шынықтыру орталығы" Республикалық Мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 19 мамырдағы N 766 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1754 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік біліктілігін көтеру, білім беру спорт және дене шынықтыру мамандарының кәсіптік білімі мен дағдысын тереңдету, консультативтік әдістемелік көмек көрсету. Аймақтық білім беру жүйесін және оқу орындарын басқарудың сапасын арттыру, жаңа буын оқулықтарын енгізу, мектеп мұғалімдерінің компьютерлік сауатын қамтамасыз ету, 12 жылдық мектептік оқуға көшуге кадрлар даярлау, мұғалімдер мен оқытушылардың білім беру ұйымдарындағы жұмысқа кәсіптік және психологиялық-педагогикалық дайындық сапасын көтеру. Нарықтық экономиканың, өндіріс пен әлеуметтік саладағы құрылымдық өзгерістердің өскелең талаптарына сәйкес қызметкерлердің теориялық білімін жетілдіру, кәсіптік қызметтің жаңа түрлерін орындау үшін қажетті ғылымның, техниканың және технологиялардың жаңа пәндерін, бөлімдерін зерттеуді қарастыратын білім беру бағдарламалары бойынша қосымша білім алу, дағдылар қалыптастыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік біліктілігін арттыру, басшы кадрларының біліктілігін арттыру мен қайта дайындау жөніндегі білім беру міндеттерін қамтамасыз ету, мұғалімдері мен педагогтарының мамандығы және кәсіптік білімдерін жаңарту, озық педагогикалық тәжірибені және отандық психологиялық-педагогикалық ғылым мен практикалық жетістіктерін насихаттау және тарату.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Шағын бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | 010 | | Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау | Бекітілген жоспар бойынша министрлік пен Жоғары аттестациялық комитеттің қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі қызмет көрсетулер сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| | | 005 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Біліктілікті арттыру курсынан өтетін мемлекеттік қызметшілердің жылдық орташа саны 50 адам құрайды. | | |
| | | 030 | Мемлекеттік білім беру мекемелері кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау | Біліктілікті арттыру және педагог кадрларды қайта даярлау. Мерзімі - 4 күн, 1, 2, 3 апталық курстар. Тыңдаушылардың орташа саны жылына 2500 адамды құрайды. | | |

-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: қазіргі экономика жағдайлары мен мемлекет ресурстарының мүмкіндіктеріне сәйкес кәсіптік мемлекеттік қызмет талаптарына жауап бере алатын мемлекеттік қызметкерлерді сапалы даярлау жүйесін қалыптастырудың және дамытудың кәсіптік деңгейін көтеру жыл бойы кадрлар даярлау және қайта даярлау, білім беру, спорт және дене шынықтыру саласында әзірленген және енгізілген жобалар мен бағдарламаларға ғылыми-әдістемелік сараптама жүргізу. Озық тәжірибенің жаңа, ғылым мен техниканың отандық және шетелдік жаңа жетістіктерін білім, спорт және дене шынықтыру жүйесіне енгізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 354-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған 024 "Ақпараттың жалпы қол жетімділігін қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 12 674 мың теңге (он екі миллион алты жүз жетпіс төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 7, 30-баптары , " Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңының 14, 23-баптары .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мүмкіндіктерді барынша көрінерліктей жағдай жасау. Педагогика және білім бойынша құжаттардың толық ұлттық қорын қалыптастыру, ақпараттық қызметті жеделдету, білім беру жүйесінің кітапханалары үшін әдістемелік және үйлестіру орталығының міндетін атқару.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: отандық ғылымның, білім берудің, білім және тәрбие берудегі озық тәжірибенің, сондай-ақ оқу, әдістемелік, ғылыми-көпшілік және көркем әдебиеттердің жетістіктері туралы ақпаратты насихаттау. Мамандарға жан-жақты ақпараттық-библиографиялық және қызмет көрсету жолымен республика ғылымы мен білімінің дамуына белсенді көмек көрсету. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің барлық кітапханаларына ғылыми-әдістемелік басшылық жасау Республикадағы кітапханатану бойынша ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмыстарға қатысу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдар. лама коды | Шағын бағдар. лама. ның коды | Бағдарлама. ның (шағын бағдарлама. ның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 024 | | Ақпаратқа жалпы қол жетімділікті қамтамасыз | Мамандарға ақпараттық библиографиялық және кітапханалық | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, |

ету қызмет көрсету. Республикалық
035 Республикалық Мекеменің ғылыми-
ғылыми- белгіленген штат педагогикалық
педагогикалық санының шегінде кітапхана
кітапхана ұстау - 37 бірлік.
Қазақстан
Республикасы білім
беру жүйесінің
барлық кітапхана.
ларына ғылыми-
әдістемелік
басшылық жасау.
Республиканың Бекі.
кітапханатану тілген
жөніндегі ғылыми- шара.
зерттеу және лар
ғылыми-әдістемелік жос.
жұмыстарына қатысу. парына
Семинарлар, сәйкес
курстар, дәрістер,
әңгімелер және
практикалық
сабақтар өткізу.
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: абоненттер сұранысын барынша қанағаттандыру. Білім ұйымдарының кітапханаларға әдістемелік басшылығы (курстар, семинарлар, практикалық сабақтар ұйымдастыру).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 355-қосымша

*Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.07.01. N 150г* қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған 030 "Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 2566592 мың теңге (екі миллиард бес жүз алпыс алты миллион бес жүз тоқсан екі мың теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Ғылым туралы"

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 26-бабы ; " Инновациялық қызмет туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Заңының 5, 10, 11-баптары ; " Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудің шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында ғылымды және ғылыми-техникалық бағдарламаларды жоспарлау мен қаржыландыруды жетілдіру шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 22 қаңтардағы N 61 қаулысы ; "Ғылыми-техникалық қызметке сараптама ұйымдастыру және өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 қыркүйектегі N 876 қаулысы ; "Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалардың негізгі тапсырмалары мен көрсеткіштерін бекіту туралы" Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 қыркүйектегі N 875 қаулысы ; "Республикалық бюджет есебінен орындалатын қолданбалы ғылыми зерттеу бағдарламаларын құрудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 ақпандағы N 145 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимылдар бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында 2001-2005 жылдарға арналған биотехнологиялық өнімдер өндіруді ғылыми-техникалық қамтамасыз ету және ұйымдастыру республикалық бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 маусымдағы N 871 қаулысы ; "2002-2006 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында фармацевтік өнеркәсіпті дамыту үшін төлтума фитопрепараттар өндіру және өндіріске енгізу" Республикалық ғылыми-техникалық бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 шілдедегі N 296 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының инновациялық даму бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 10 мамырдағы N 617 қаулысы ; "Құрамында есірткісі бар өсімдіктерді өнеркәсіптік өңдеу жөнінде өндіріс кешенін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 37 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 22 мамырдағы N 550 қаулысы ; "Ғылым қорының кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 қыркүйектегі N 1048 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: экономиканың базалық салаларының қажеттіктерін ғылыми-техникалық қамтамасыз ету, ғылымды көп қажет ететін жаңа өндірістер ұйымдастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау, "зерттеу-әзірлеу-кадрлар даярлау-өнеркәсіптік игеру" бірыңғай ғылыми-өндірістік тізбекке көшуге септігін тигізетін ғылыми-техникалық және өзге салаларда инновациялық қызметті дамыту.

Ғылыми зерттеулердің материалдық-техникалық базасын нығайту және тиімділігін арттыру. Жер сілкінісі болжамдарының сапасы мен дұрыстығын арттыру үшін сейсмикалық станцияларды қайта жарақтандыру және жергілікті сейсмомониторингті ұйымдастыру. < * >

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу. Отандық технологиялардың бәсекелестік қабілетін көтеру, өндірістің ғылымды көп қажет ететін салаларын тұрақты дамыту үшін жағдай жасау; елдің экспортқа бағдарланған өнеркәсіп кешенін құру мақсатымен ғылым мен отандық жаңа технологиялар жетістігін іске асыру.

Қажетті жабдықтар мен аспаптар, реактивтер, қосалқы бөлшектер сатып алуда бірінші кезекті қажеттіктерді қанағаттандыру; ғылыми ұйымдарды осы заманғы жабдықпен, аспаптармен және есептеу техникасымен жарақтау; осы заманғы жоғары өнімді жабдықтарды және ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде ғылыми зерттеулердің деңгейін көтеру, деректердің электрондық каталогі мен проблемалық базаларын жасау. Өлшеу процестерінің сенімділігін арттыру және оларды автоматтандыру үшін сейсмикалық станцияларда аппаратураларды жаңарту; жергілікті сейсмомониторинг үшін жаңа әдістер мен техникалық құралдарды енгізу; жер сілкінісінің қысқа мерзімді болжамы мақсатында жүргізілетін жұмыстарды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету. <*>

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

--------------------------------------------------------------
N !Бағ.!Ша. !Бағдарлама.! Бағдарламаны !Іске ! Жауапты
!дар.!ғын !ның (шағын ! (шағын !асыру! орындаушылар
!лама!бағ. !бағдарлама.! бағдарламаны) !мер. !
!коды!дар. !ның) атауы ! іске асыру !зім. !
! !лама.! ! жөніндегі !дері !
! !ның ! ! іс-шаралар ! !
! !коды ! ! ! !
--------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
--------------------------------------------------------------
030 Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер
031 Жабдықтар Қазақстан Респуб. Жыл Қазақстан
сатып алу ликасы Білім және бойы Республикасының
үшін ғылыми ғылым министрлі. Білім және ғылым
ұйымдарға гінің бұйрығымен министрлігі,

| | | | |
|---|---|---|---|
| | субсидия бөлу | бекітілген сатып алынатын жабдық. тардың тізбесіне сәйкес 15 ғылыми ұйымды қаржыландыру | Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы |
| 032 | Ғылым қоры арқылы гранттар бойынша іргелі, бастамашы. лық және тәуекел зерттеулер жүргізу | 21 ғылыми бағыт бойынша конкурсқа сәйкес Ғылым қорынан гранттар бойынша іргелі, бастамашыл және тәуекелдік зерттеулер жүргізу. | |
| 033 | Қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу. | Қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу. 7 Республикалық мақсатты ғылыми-зерттеу бағдарламаларын өткізу. Сейсмология институтының сейс-микалық қадағалау желілерін жаңғыртуды және жергілікті сейс-момониторингті ұйым-дастыруды орындауы. <*> | |

---------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін іске асыру; табиғи және әлеуметтік жүйелер туралы қағидатты бүтіндей жаңа білім алу, экономиканы жүйелі қайта құрудың, қоғамды, мәдениетті, ғылымды тұрақты дамытудың ғылыми негіздерін әзірлеу; ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жалпы ғылыми-технологиялық кеңістігі мен ғылыми еңбектің әлемдік бөлінісі шеңберінде қазақстандық ғылымның айқындамасын нығайту; экспорттық және импорттың орнын толтыратын өнімдерді көбейтуге және ғылымды көп қажет ететін өндірістерді дамытуға септігін тигізетін өтемді әзірлеулер жасау және енгізу; синтетикалық және табиғи тума медициналық бірегей препараттар өндіру; ауылшаруашылық дақылдарының жоғары өнімді тұқымын

тездетіп жасау әдістерін әзірлеу. Өлшеу процестерінің сенімділігін арттыру және оларды автоматтандыру; жер сілкінісінің жергілікті сейсмомониторингін ұйымдастыру; жер сілкінісі болжамдарының сапасы мен дұрыстығын арттыру. <*>

Жабдықтар сатып алу ғылыми ұйымдардың ағымдағы міндеттерді сапалы әрі мезгілінде орындауына мүмкіндік береді және олардың өңдейтін ақпаратының шапшаңдығын арттырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 356-қосымша

*Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.12.30. N 1347* қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған 031 "Дарынды балаларды мемлекеттік қолдау" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 555 487 мың теңге (бес жүз елу бес миллион төрт жүз сексен жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 24, 36, 37-баптары , " Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы , "Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 өкімі , "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1754 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: дарынды балаларды іздестіру, олардың оқуға және өзінше білім алуына, қоршаған әлемге гумандық көзқарасын қалыптастыруға, жеке адам ретіндегі адамгершілігіне тұрақты негіздеме жасау жан-жақты жетілген үйлесімді адам тәрбиелеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының әр түрлі аймақтарындағы дарынды балаларды оқыту. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен бағдарламасының салалық пәндерді енгізу жолымен оқушыларды тереңдете даярлау. Жеке бастың индивидуалдық бейімділігін, шығармашылық қабілетін дамыту және азаматтыққа тәрбиелеу. Оқушыларды олимпиадаларға қатысуға, жоғары оқу орындарына түсуге дайындау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
-----------------------------------------------------------------
N  !Бағ.!Ша.   !Бағдарлама.!     Бағдарламаны     !Іске  !     Жауапты
```

!дар.!ғын !ның (шағын ! (шағын !асыру! орындаушылар
!лама!бағ. !бағдарлама.! бағдарламаны) !мер. !
!коды!дар. !ның) атауы ! іске асыру !зім. !
! !лама.! ! жөніндегі !дері !
! !ның ! ! іс-шаралар ! !
! !коды ! ! ! !
---------------------------------------------------------------
1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
---------------------------------------------------------------
031 Дарынды Мемлекеттік жалпыға Қазақстан
балаларды міндетті білім беру Республикасының
мемлекеттік стандарттарына Білім және ғылым
қолдау сәйкес салалық министрлігі
пәндерді тереңдете
оқыта отырып оқу
процесін жүргізу.
Мемлекеттік
мекемелерді
бекітілген штат
саны лимиті шегінде
ұстау.
030 Шымкент Оқушылардың орташа Жыл Шымкент
республика. саны - 402. бойы республикалық
лық әскери әскери мектеп-
мектеп- интернаты
интернаты
031 Қарағанды Оқушылардың орташа Жыл Қарағанды
республика. саны - 446. бойы республикалық
лық әскери әскери мектеп-
мектеп- интернаты
интернаты
032 Б.Момышұлы Оқушылардың орташа Жыл Б.Момышұлы
атындағы саны - 450. бойы атындағы Алматы
Алматы рес. республикалық
публикалық әскери мектеп-
әскери интернаты
мектеп-
интернаты

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 033 | А. Жұбанов атындағы республика. лық музыка. лық қазақ орта мектеп -интернаты | Оқушылардың орташа саны - 453. | Жыл бойы | А. Жұбанов атындағы республикалық музыкалық қазақ орта мектеп-интернаты |
| 034 | Ө. Жәутіков атындағы дарынды балаларға арналған республи-калық маман-дандырылған физика-мате-матикалық орта мектеп-интернат | Оқушылардың орташа саны - 984. | Жыл бойы | Ө. Жәутіков атындағы дарынды балаларға арналған республи-калық маман-дандырылған физика-мате-матикалық орта мектеп-интернат |
| 035 | Дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын республикалық маманданды-рылған орта мектеп-интернат | Оқушылардың орташа саны - 370. | Жыл бойы | Дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын республикалық маманданды-рылған орта мектеп-интернат |
| 036 | К. Байсей. ітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық музыкалық маманданды. | Оқушылардың орташа саны - 480. | Жыл бойы | К. Байсейітова атындағы дарынды бала. ларға арналған республикалық музыкалық мамандандырылған орта мектеп-интернаты |

рылған орта мектеп-интернаты

----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының мүддесін қорғауға қабілетті, күш-қуаты шыныққан терең білімді адам даярлау және қалыптастыру. Оқушылардың жеке дара бейімділігін, шығармашылық қабілетін дамыту және азаматтыққа тәрбиелеу. Оқушыларды республикалық олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысуға, жоғары оқу орындарына түсуге дайындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына 357-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған 032 "Ғылыми-техникалық ақпаратқа қол жетімділікті қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 121 215 мың теңге (жүз жиырма бір миллион екі жүз он бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңының 33-бабы ; " Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 26-бабы; "ҚазКСР Ғылым академиясының Ғалымдар үйін ұйымдастыру туралы" ҚазКСР Ғылым академиясы Президиумының 1983 жылғы 14 қыркүйектегі N 149 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Республикалық ғылыми-техникалық кітапханаға бекітілген ғылым мен техника саласындағы отандық және әлемдік жетістіктерді көрсететін жарияланбаған құжаттар қорын түрлері мен тақырыптары бойынша құрастыру жолымен Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық дамуын ақпараттық қамтамасыз ету, ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін практикалық қызметке енгізуге жәрдемдесу; ғалымдардың аса үздік жетістіктерінің ақпараттық қызмет аясын күшейту; ғалымдардың белсенді әрі мазмұнды демалысын ұйымдастыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ағымдағы ақпараттық пайдаланушылар сұраныстарын және Қазақстан экономикасының даму перспективаларын ескере отырып, қормен жұмысты, анықтамалық- іздестіру аппаратын толықтыруды ұйымдастыру жолымен ғылыми-техникалық ақпараттың қол жетімділігін қамтамасыз ету. Ғылымның ең жаңа жетістіктерін, қазақстандық ғалымдардың ашқан

жаңалықтарын насихаттауға, олардың мәдени деңгейі мен мазмұнды демалысын жақсарту үшін әр қырлы шаралар өткізуге арналған іс-шаралар жиынтығын ұйымдастыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Шағын бағдарламаның коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 032 | | Ғылыми-техникалық ақпаратқа қол жетімділікті қамтамасыз ету | Ағымдағы ақпараттық пайдаланушылар сұраныстарын және Қазақстан экономикасының даму перспективаларын ескере отырып қормен жұмысты, анықтамалық-іздестіру аппаратын толықтыруды ұйымдастыру жолымен ғылыми-техникалық ақпараттың қол жетімділігін қамтамасыз ету. Ғылым мен техника жетістіктерін насихаттау жөніндегі іс-шаралар саны - 118. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: оқушылар

сұраныстарын неғұрлым толық, өзектілікпен, заманға лайық және шыншылдықпен қанағаттандыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына 358-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған 033 "Ғылыми-тарихи құндылықтарды сақтау" республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 3 811 мың теңге (үш миллион сегіз жүз он бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңының 33-бабы ; " Академик Қ.И. Сәтпаевты мәңгі есте қалдыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 сәуірдегі N 332 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: көрнекті ғалым, Қазақстан ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қ.И. Сәтпаевтың өмірі мен қызметі туралы ілім-білімді білімдік-тәрбиелікпен және мақсаткерлікпен таратуды жүзеге асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: академик Қ.И. Сәтпаевтың өмірі мен қызметіне байланысты материалдар мен құжаттарды іздестіру, зерттеу, әйгілеу және пайдалану; академик Қ.И. Сәтпаевтың өмірі мен ғылыми қызметі туралы монографияларды, мақалаларды, каталогтар мен жолжазбаларды баспаға дайындау; мұражайлық мәні бар заттарды жинау мақсатымен тарихи-тұрмыстық, этнографиялық экспедициялар, ғылыми іссапарлар ұйымдастыру және өткізу; мұрағаттық заттардың сақталуын қамтамасыз ету, мұражайлық мәні бар заттарды консервациялау және жаңарту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Шағын бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 033 | Ғылыми-тарихи құндылық. тарды сақтау | | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, академик |
| 030 | Академик Қ.И. Сәтпаевтың мемориалдық мұражайы | Академик Қ.И. Сәтпаевтың мемориалдық мұражайын бекітілген міндет. терін атқару үшін құрамы 18 адамнан тұратын штаттық лимит саны шегінде ұстау | Жыл бойы | Қ.И. Сәтпаевтың мемориалдық мұражайы |

---------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Өскелең ұрпақтың ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қ.И. Сәтпаевтың қызметіне және тұтас алғанда Қазақстан ғылымына деген танымдық қызығушылығын дамыту; ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қ.И. Сәтпаевтың өмірін, ғылыми және қоғамдық қызметін насихаттау арқылы өз өмірін Қазақстанның ғылымы мен техникасын дамытуға арнағысы келетін жастардың санын көбейту, олардың Отанға деген патриоттығы мен сүйіспеншілігін тәрбиелеу, өскелең ұрпақтың дүниетанымын кеңейту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына 359-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған 034 "Ғылыми кадрларды аттестаттау" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 19 608 мың теңге (он тоғыз миллион алты жүз сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары аттестациялық комитетінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 20 ақпандағы N 257 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беру.

5. Бюджеттік бағдарламалардың міндеттері: ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беру жөніндегі аттестациялық істерді қарау, сондай-ақ белгіленген мемлекеттік үлгіде құжаттар беру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Шағын бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 034 | | Ғылыми кадрларды аттестаттау | Ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге қойылатын бірыңғай талаптарға сәйкес оларға ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беру жөніндегі аттестациялық істерді ұйымдастыру және қарау. Ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларға, бағдарламаларға сараптама өткізу. Мемлекет атынан дипломдар мен аттес. таттар беруді ресім. деуді жүзеге асыру. 1820 дана аттестация. лық істерді қарау. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Жоғары аттестациялық комитеті. |

------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: ғылыми дәрежелер мен беру мәселелері бойынша мемлекет атынан ақтық шешімдер қабылдау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 360-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**035 "Ғылымның жай-күйін талдау және дамуын болжамдау" республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 71 699 мың теңге (жетпіс бір миллион алты жүз тоқсан тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 7-бабы ; "Қазақстан Республикасының Ұлттық академиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 12 ақпандағы N 34 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 12 ақпандағы Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 наурыздағы N 236 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Ұлттық академиясының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 22 мамырдағы N 550 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Ұлттық академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы; "Ғылым қорының кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 қыркүйектегі N 1048 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ғылымды дамытудың басым бағыттарын анықтау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ғылыми-зерттеу қызметі, ғылымды дамытудың басым бағыттарын анықтау және ғылыми кадрлар даярлау; ғылыми зерттеу бағдарламаларын орындауды ғылыми-сараптамалық қамтамасыз ету, құру және үйлестіру; халықаралық ғылыми ынтымақтастыққа, инновациялық және инвестициялық қызметке көмек көрсету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

------------------------------------------------------------

N !Бағ.!Ша. !Бағдарлама.! Бағдарламаны !Іске ! Жауапты
!дар.!ғын !ның (шағын ! (шағын !асыру! орындаушылар
!лама!бағ. !бағдарлама.! бағдарламаны) !мер. !
!коды!дар. !ның) атауы ! іске асыру !зім. !
! !лама.! ! жөніндегі !дері !

! !ның ! ! іс-шаралар ! !
! !коды ! ! ! !
------------------------------------------------------------
1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
------------------------------------------------------------
035 Ғылымның жай-күйін талдау және дамуын болжамдау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының
030 Қазақстан Республика. сының Ұлттық ғылым академиясы Ұлттық ғылым академиясын құрамы 62 адамдық штаттық лимит шегінде ұстау. Ғылым академиясы ғылыми ұйымдарының ғылыми және ғылыми-техникалық қызметін үйлестіру. Ұлттық ғылым академиясы
------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан экономикасының әр түрлі салаларында ғылыми-техникалық саланың ғылыми-техникалық жетістіктерін кеңінен пайдалану қазіргі әлеуметтік-экономикалық дамудың күрделі проблемаларын шешуге көмегін тигізеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 361-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған 036 "Ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік сыйлықтар мен стипендиялар" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 44 293 мың теңге (қырық төрт миллион екі жүз тоқсан үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895

Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 290 қаулысы ; "Ғылым мен техниканы дамытуға аса зор үлес қосқан ғалымдар мен мамандарды және дарынды жас ғалымдарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 тамыздағы N 1063 қаулысы ; "Ғылым саласындағы сыйлықтар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 685 қаулысы ; "Үздік ғылыми зерттеулер үшін сыйлықтар берудің және жас ғалымдарға үздік ғылыми жұмыстары үшін сыйлықтар берудің тәртібі туралы Ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2000 жылғы 27 мамырдағы N 500 бұйрығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: отандық ғылым мен техниканы дамытуға ірі үлес қосқан аса көрнекті, сондай-ақ дарынды жас ғалымдарды әлеуметтік қолдау, жас ғалымдардың ғылыми-техникалық шығармашылығын ынталандыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ғылым, техника және білім саласындағы жетістіктер үшін стипендиялар және мемлекеттік сыйлықтар төлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағ.дар.лама коды | Ша.ғын бағ.дар.лама.ның коды | Бағдарлама.ның (шағын бағдарлама.ның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер.зім.дері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 036 | | Ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік сыйлықтар мен стипендиялар | Конкурстар өткізу: - ғылым мен техника саласындағы сыйлықтар; - мемлекеттік ғылыми стипендиялар атаулы сыйлықтар стипендиялар алуға Қазақстан Республи.касы Үкіметінің қаулыларына сәйкес сыйлықтар төлеу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

Академиялық және басқа ғылыми стипендиялар төлеу. Дипломдар, қосымша парақтар, құрмет белгілерін әзірлеу, сыйлықтарға конкурстар өткізу туралы жарнамалар жариялау.

-------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: әр түрлі салаларда ғылымның одан әрі дамуын қамтамасыз ететін ғылым мен техниканың басым бағыттары бойынша жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізу, ғылыми-техника саласының қызметкерлерін мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру, дарынды жастарды ғылымға тарту мақсатымен ғылыми еңбекті ынталандыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына 362-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған 037 "Білім беру саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 72 988 мың теңге (жетпіс екі миллион тоғыз жүз сексен сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 9-бабы , "Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы , "Қазақстан Республикасы білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі жүйесін басқаруды жетілдіру жөнінде қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 наурыздағы N 256 қаулысы , "12 жылдық білім беру проблемалары республикалық ғылыми-практикалық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 шілдедегі N 839 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: білім беру жүйесін жетілдірудің теориялық-әдістемелік негізін жасау, ғылыми-педагогикалық қамтамасыз етуді әзірлеу, реформалау үрдісін, жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары

білім беру қызметін дамытуды ғылыми және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қолдау, педагогикалық ғылымның жемісті өзегін сақтау әрі дамыту, оның республиканың әлеуметтік экономикалық жағынан дамуындағы рөлін арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары білім беру қызметін дамытуды ғылыми және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қолдау, педагогикалық ғылымның жемісті өзегін сақтау әрі дамыту, оның республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлін арттыру. 12 жылдық білім беруге көшу проблемалары бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер өткізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарламаның коды | Шағын бағдарламаның коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 037 | | Білім беру саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | 3 бағытта білім беру саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер өткізу | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасында жалпы орта, бастауыш және орта кәсіптік білім беру қызметіне ғылыми-педагогикалық жағдайлар. Азаматтардың рухани және тән денсаулықтарын нығайту мен сақтау саласында ғылыми зерттеулер. Гендерлік білім проблемаларын ғылыми зерттеу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 363-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған 038 "Республикалық мектеп олимпиадаларын өткізу" республикалық**

**бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 51 984 мың теңге (елу бір миллион тоғыз жүз сексен төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 18-бабы , "Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы , "Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 өкімі .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: дарынды балалар мен жастарды іздеп табу, іріктеу, қолдау, дамыту және жоғары білім алуын қамтамасыз ету жүйесін жасау, қазіргі өркениеттің түбірімен көшетін жаңа жағдайында өзінше ойлап іс қылуға қабілеті жететін шығармашыл тұлға тәрбиелеу, дарынды балалар мен жастардың әлеуметтік, құқықтық және интеллектуалдық қорғалуын қамтамасыз ету, интеллектуалдық мүмкіндігін қалыптастыру. Қазақстан Республикасындағы жеке бастың дарындылығын дамыту инновациялық білім беру технологиялары саласында халықаралық ынтымақтастықты өрістету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: білім беру мекемелерінің дарынды әлеуметтік, психологиялық-медициналық-педагогикалық қолдау жөніндегі қызметін реттеп отыратын құқықтық базасын әзірлеу, дарынды балалар мен жастарды іздестіру, тәрбиелеу, оқыту және қолдау жөніндегі практикалық қызметті дамыту үшін басқару жүйесін құру; оқушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандырып отыру; дарынды балаларды табуға жағдай жасау, оқушыларды халықаралық олимпиадаларға, жарыстарға, конкурстарға қатысуға іріктеу және дайындау, жаңа білім беру технологияларын әзірлеу және іске асыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарламаның коды | Шағын бағдарламаның коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 038 | | Республика. | Іс шаралар | Жыл | Қазақстан |

| | | |
|---|---|---|
| лық мектеп олимпиадала. рын өткізу | ұйымдастыру; жалпы білім беру пәндері бойынша халықаралық олимпиадалар мен жарыстар; оқушылардың жалпы білім беру пәндері бойынша республикалық олимпиадасы; оқушылардың ғылыми жобалар бойынша ұлттық жарыстары; дарынды балалармен шаралар өткізу; дарынды балалар мен олимпиадалық резервтерді оқыту жөнінде салалық ауысым өткізу; жеті пән бойынша дарынды балаларды селолық жерлерден және алыс түпкірлерден іздеп табу; ғылыми-әдістемелік семинарлар, курстар және конференциялар; эксперименттік ғылыми-зерттеу жұмыстар. Өткізілетін іс-шаралар саны орта есеппен - 25. | бойы Республикасының Білім және ғылым министрлігі. |

---------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: дарынды балалар мен жастарды іздеп табу, дайындау және республикалық, халықаралық олимпиадалар мен

жарыстарға қатыстыру. Қазақстан Республикасындағы жеке бастың дарындылығын дамыту инновациялық білім беру технологиялары саласында халықаралық ынтымақтастықты өрістету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 364-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған 039 "Әдіснамалық құралдарын әзірлеу" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 42 110 мың теңге (қырық екі миллион жүз он мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 6-бабы , "Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы, "Қазақстан Республикасы білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі жүйесін басқаруды жетілдіру жөнінде қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 наурыздағы N 256 қаулысы , "Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациялау туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1305 қаулысы , "12 жылдық білім беру проблемалары республикалық ғылыми-практикалық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 шілдедегі N 839 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: білім берудің жалпығаламдық тенденцияларын ескере отырып барлық деңгейдегі Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарын құру және енгізу. Денешынықтыру және спорт саласындағы ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру, алынған бағдарламалар, әдістемелік ұсынымдар және оқу құралдары түріндегі нәтижелерді тарату. Жалпы орта білімді қамтамасыз ететін ұйымдар оқу процесінің ақпараттық ғылыми-әдістемелік кешенін құру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: оқу-әдістемелік кешендер дайындауды қамтитын білім беру процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, жаңа ақпараттық оқу технологияларын қолдану проблемалары бойынша ғылыми-әдістемелік жұмыстар жүргізу. Орта мектептер үшін ақпараттың әр түрлі таратушысы арқылы базалық және арнайы информатика дайындау бойынша оқу-әдістемелік әдебиет әзірлеу, бейімдеу және жолға салу, оқу үрдісінің сапасын бақылайтын жаңа технологиялар әзірлеу және енгізу. Білім басқарудың ақпараттық жүйесін әзірлеу, енгізу және өрістету, оқуға арналған бағдарламалық жүйе қорын құру, тестілеу теориясы мен әдістемесі бойынша

ғылыми әдістемелік зерттеулер жүргізу, білім беру мен оқу-бағдарламалық құжаттардың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының сақталуын әзірлеу және талдау. Оқу орындарын аттестациялау үшін сараптама жұмыстарын жүргізу студенттер контингентін конкурстық құрастырудың жаңа үлгілерін енгізу, денешынықтыру және спорт бойынша бағдарламалар ұсынымдар әзірлеу. Республика білім ұйымдарында 12 жылдық оқу мектептерінің бастапқы сатыларының үлгісін сынау бойынша эксперименттік жұмыстар бағдарламасын іске асыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

---------------------------------------------------------------

N !Бағ.!Ша. !Бағдарлама.! Бағдарламаны !Іске ! Жауапты
!дар.!ғын !ның (шағын ! (шағын !асыру! орындаушылар
!лама!бағ. !бағдарлама.! бағдарламаны) !мер. !
!коды!дар. !ның) атауы ! іске асыру !зім. !
! !лама.! ! жөніндегі !дері !
! !ның ! ! іс-шаралар ! !
! !коды ! ! ! !

---------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

---------------------------------------------------------------

039 Әдіснамалық Әдістемелік Жыл Қазақстан
құралдарын материалдар, бойы Республикасының
әзірлеу ғылыми-әдістемелік Білім және ғылым
әдебиет әзірлеу; министрлігі
білім берудің 3
деңгейі бойынша
стандарттар
әзірлеу;
гранттар бойынша
контингент
мониторингін,
жоғары оқу
орындарына түсу
уақытында кешенді
түрде тестілеуді,
білім беру
ұйымдарын
мемлекеттік
аттестациялаудың
бағдарламалық

қамтамасыз етуді әзірлеу, жетілдіру; мектептің жалпы білім беру пәндері бойынша, орта және жоғары кәсіптік білім берудің мамандықтары пәндері бойынша тесттік тапсырмаларды жасау мен толықтыру; бланктік құжаттарда әзірлеу.
Оқу-әдістемелік құралдар мынадай бағыттарда әзірленеді:
- спорт және дене тәрбиесі;
- 12 жылдық білім;
- білім беруді бағдарламалау.
Орташа есеппен 135 оқу-әдістемелік құралдар, 220 электрондық оқулықтар бойынша дидактикалық материалдар әзірленеді.

----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: оқу-әдістемелік құралдарды сабақ берудің қазіргі практикасына көшіруді әзірлеу және енгізу білім ұйымдарындағы оқу деңгейінің сапасын жақсартады. Денешынықтыру және спортты дамытатын жаңа ақпараттық технологияларды ескере отырып оқу-әдістемелік құралдар әзірлеу және енгізу, мұның өзі денешынықтыру мен спортты тиімді дамытуға алып барады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына 365-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған 040 "Сейсмологиялық ақпарат мониторингі" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 117 348 мың теңге (жүз он жеті миллион үш жүз қырық сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңының 14, 15, 28-баптары ; "Ұлттық қауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 26 маусымдағы Заңының 1 , 2 , 7 , 8 , 17, 25-баптары ; "Республиканың сейсмологиялық қауіпті аймақтарындағы жойқын жерсілкіністердің шығынын азайту шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 тамыздағы N 1286 қаулысы ; "Алматы қаласында, Алматы және Талдықорған облыстарында мүмкін болатын жерсілкіністердің шығынын азайту және олардың зардаптары жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 30 желтоқсандағы N 1490 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының сейсмологиялық қауіпті аудандарында жерсілкіністерін болжау мақсатымен кешенді зерттеулер ұйымдастыру және өткізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Бақылаудағы аумақ пен іргелес аудандардағы жерсілкіністері туралы деректерді тіркеу және өңдеу; далалық аспаптармен бақылау жүргізу және стационарлық станциялар желісінде сапалы әрі үздіксіз сейсмикалық, геофизикалық, гидрогеохимиялық, гидрогеодинамикалық, деформографиялық, ойысөлшеу, сейсмобиологиялық ақпарат алу, алған ақпаратты алғашқы өңдеуден өткізу; зерттелетін аумақты сейсмикалық бақылау тәртібі бойынша тақырыптық жұмыстар жүргізу; Қазақстан Республикасының аумағында сейсмикалық мониторингті жүзеге асыру; Қазақстан Республикасының аумағында қатты жерсілкіністердің эпицентрлік аймақтарында уақытша сейсмикалық және геофизикалық станциялардың және өзге де бақылау түрлерінің жұмысын жандандыру және қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы директивалық органдарының өкімі бойынша жұмыстар орындау; бақылаудағы аумақ бойынша барлық байқалған және күшті жерсілкіністер туралы Қазақстан Республикасының директивалық органдарын мезгілінде хабарландырып отыру; Білім және ғылым министрлігі жанындағы жерсілкіністерін болжау жөніндегі ведомствоаралық Комиссияға мезгілінде материалдар беріп отыру; жерсілкіністерінің оперативтік каталогтарымен бюллетендерін жасау, сейсмологиялық, геофизикалық, гидрогеохимиялық, деформографиялық және басқа да ақпараттар мұрағатын құрастыру; аспаптық бақылау деректерін тіркеу, жөнелту және өңдеу үрдістерін автоматтандыру бойынша жұмыстар

жүргізу; жерсілкіністер болжамдары бойынша бақылау жүргізу және материалдарды өңдеу үшін жаңа әдістер мен техникалық құралдарды енгізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарламаның коды | Шағын бағдарламаның коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 040 | | Сейсмологиялық ақпарат мониторингі | | | |
| | | 030 | Сейсмологиялық тәжірибелік-әдістемелік экспедиция | Қойылған міндеттерді орындау үшін 296 адамдық штаттық сан лимиті шегінде Сейсмологиялық тәжірибелік-әдістемелік экспедицияны ұстау | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Сейсмологиялық тәжірибелік-әдістемелік экспедиция |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының аумағындағы 2003 жылғы жерсілкіністер каталогы; алғашқы бақылау материалдарының (сейсмограммалардың, цифрлық сейсмограммалардың, деформограммалардың күшті қозғалыстар жазбасының, геофизикалық, гидрогеологиялық, сейсмобиологиялық бақылаулар және жер қабығы қозғалыстарын қазіргі бақылау бойынша алғашқы материалдардың) мұрағаттары; бақылау түрлері бойынша 2003 жылғы деректердің базалары; сейсмикалық ("Сейсмо", "Бадис", " Уақытша қатарлар", "Карточка", "КарМех"); геофизикалық ("Магнитка", "Теллурика"), гидрогеологиялық ("Геохим"), қазіргі қозғалыстар ("Қабық"); өлшеу параметрлері негізінде жерсілкіністердің күн сайынғы оперативті болжамдары (барлығы 365 болжам ); Білім және ғылым министрлігі жанындағы жерсілкіністерінің болжамдары жөніндегі

ведомствоаралық Комиссияға күн сайын бақылау материалдарын беріп отыру.

Сейсмологиялық тәжірибелік-әдістемелік экспедициясына жүктелген қызметтер мен міндеттерді, сапалы әрі мезгілінде орындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына 366-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған 044 "Арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыру" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 32 996 мың теңге (отыз екі миллион тоғыз жүз тоқсан алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 20-бабы , "Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы , "Ақыл-есінің немесе бой бітімінің жетілуінде кемістігі бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалту республикалық орталығын ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 31 наурыздағы N 305 қаулысы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 19 сәуірдегі N 604 қаулысы , "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1754 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: білімге, кәсіптік дайындыққа және әлеуметтік бейімделуге қол жеткізу үшін мүмкіндіктері шектеулі балаларды арнайы білім беру бағдарламасымен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламалардың міндеттері: даму мүмкіндіктері шектеулі, дамуында проблемалары бар балаларды қарап шығу, консультация беру. Туғанынан кәмелетке толғанынша дамуында проблемалары бар балаларға коррекциялық-оңалту және емдеу-сауықтыру көмегін көрсету. Даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың интеллектуалдық және психофизиологиялық мүмкіндіктерін дамыту. Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-------------------------------------------------------------

N !Бағ.!Ша. !Бағдарлама.! Бағдарламаны !Іске ! Жауапты
!дар.!ғын !ның (шағын ! (шағын !асыру! орындаушылар
!лама!бағ. !бағдарлама.! бағдарламаны) !мер. !

```
  !коды!дар.  !ның)  атауы  !       іске   асыру          !зім.  !
 !      !лама.!                 !     жөніндегі         !дері  !
 !     !ның    !                !    іс-шаралар        !       !
 !     !коды  !                 !                       !       !
--------------------------------------------------------------
1!  2 !  3  !     4     !         5          !  6  !      7
--------------------------------------------------------------
   044          Арнайы       Жеке дара,            Жыл  Қазақстан
                білім беру  бірыңғай коррекция. бойы Республикасының
               бағдарлама. лық даму бағдарла.      Білім және ғылым
                сын іске     масын әзірлеу;                министрлігі,
                 асыру         емдеудің практика.            Дамуында
                              лық үлгісін жасау;       проблемалары
         030  Жетілуінде  дамуында проблема.        бар балалар мен
               проблемасы  лары бар балаларды        жасөспірімдерді
                бар балалар іздестіру және                 әлеуметтік
               мен жасөс.  іріктеу;                    бейімдеу және
              пірімдерді  облыстық                    кәсіби еңбекпен
                  әлеуметтік   психологиялық-                  оңалту
              бейімдеу     медициналық-                 Республикалық
              және кәсіби педагогикалық              ғылыми тәжірибе
                 еңбекпен      консультацияларға              орталығы
                        оңалту             практикалық көмек
                                Республика.  көрсету;
                              лық ғылыми- диагностика, зерттеу,
                               тәжірибе        сабақтар өткізу;
                              орталығы       консультация беру,
                                              балаларды арнайы
                                                       оқыту;
                                              ғылыми-практикалық
                                             тәжірибені жинақтау
                                                   және тарату;
                                                    әр саланың
                                                  психологиялық-
                                                   медициналық-
                                                   педагогикалық
                                                  консультациялар
                                                 мамандары үшін
                                                біліктілік арттыру
```

курстарын өткізу; ғылыми-әдістемелік жұмыс; мекемені штаттық санның лимиті шегінде ұстау - 150 бірлік. Орта есеппен балалардың жылдық саны - 1418 құрайды.

-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: жаңа психодиагностикалық және консультациялық озық технологияларды игеру әрі енгізу. Ерте жастан балалар психикасының даму скринингін ұйымдық-нормативтік қамтамасыз етуді әзірлеу. Ерте жастан емдеу бағдарламасын іске асыру. Жаңа ақпараттық технологиялар негізінде Қазақстан Республикасы бойынша дамуында проблемасы бар балаларды статистикалық есепке алудың тиімді жүйесін қалыптастыру .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына 367-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған 046 "Балаларды оңалту" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 98 945 мың теңге (тоқсан сегіз миллион тоғыз жүз қырық бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 15, 50-баптары, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 37-бабы , "Салауатты өмір салты" кешенді бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 мамырдағы қаулысы, "Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы , "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жекелеген ұйымдарын қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 17 мамырдағы N 533 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаттары.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: балалардың денсаулығын жақсартуға бағытталған емдеу-профилактикалық және сауықтыру шараларын жетілдіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: әлсіз және ауру балаларды, жетім балаларды, Қазақстан Республикасының әр түрлі аймақтарындағы аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан балаларды сауықтыру, оңалту және демалысын ұйымдастыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Шағын бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 046 | | Балаларды оңалту | Әлсіз және ауру балаларды, жетім балаларды, Қазақстан Республикасының әр түрлі аймақтарындағы аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан балаларды сауықтыру, оңалту және демалысын ұйымдастыру жөніндегі қызмет көрсетулерді төлеу. Бір келгенде 101 баланы сауықтыру жөніндегі жоспарлы жұмыс. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: балаларды

созылмалы аурулар бойынша дәстүрлі әдістермен жоспарлы сауықтыру, қайта қалпына келтіру емін тұрақты жүргізу, мамандандырылған жәрдем, балалардың өмірі мен денсаулығын тұрақты бақылауға алу, табиғи әдістермен сауықтыру, балаларды салауатты өмір салтына тарту және өзінің әрі айналасындағылардың денсаулығына түсіністікпен қарауға үйрету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 368-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған 048 "Балалармен мектептен тыс іс-шараларды өткізу" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 288 238 мың теңге (екі жүз сексен сегіз миллион екі жүз отыз сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 19-бабы , "Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 12 наурыздағы N 570 Жарлығы , "Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы " Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы , "Оқжетпес" Республикалық жастар лагері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3003 өкімі , Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің "Балдәурен" республикалық балалар сауықтыру лагері" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 қарашадағы N 1679 қаулысы , "Қазақстан Республикасында "Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы" іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 сәуірдегі N 462 қаулысы , "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1754 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: балалар мен жасөспірімдердің сауығуын, демалысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру, және жеке бастың танымдық және шығармашылық негіздеуін дамыту, жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің мүддесі үшін қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының әр түрлі облыстарындағы балаларды оқыту, демалысын ұйымдастыру балаларды қосымша жетілдіру білім беру бағдарламасын іске асыру, республиканың мектептен тыс

ұйымдарының жұмысын үйлестіру, Қазақстан Республикасының дарынды балалары үшін оқу-сауықтыру шараларын ұйымдастыру, музыка саласында дарынды балаларды іздестіріп табу, республика оқушылары үшін бұқаралық іс-шаралар өткізу, химия, математика, экология бойынша республикалық сырттан оқыту мектептерінің жұмысын ұйымдастыру, республикалық конкурстар, көрмелер өткізу. Мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдердің кешенді спорттық шараларын өткізу. Балалар мен жастардың мәдени бос уақытын ұйымдастыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағ.дар.лама.коды | Ша.ғын бағ.дар.лама.ның коды | Бағдарлама.ның (шағын бағдарлама.ның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер.зім.дері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 048 | | Балалармен мектептен тыс іс-шараларды өткізу | Президенттік Жаңа жылдық шырша; Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының дарынды балалармен кездесуі; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің дарынды балалармен кездесуі; музыкалық колледждер оқушылары - жас орындаушыларының Республикалық XXIV конкурсы; Қазақстан Республикасы балалар өнер мектептерінің | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

оқушылары - XXXVII Республикалық жас музыканттар конкурсы; мектептен тыс ұйымдар директорларының өскелең ұрпақты тәрбиелеу проблемалары бойынша үйлестіру кездесуі; үйірмелер, ғылыми-практикалық конференциялар, форумдар, көрмелер өткізу, сырттан оқыту мектептерінде балаларды жаратылыс тану - математикалық және гуманитарлық бағыттар бойынша оқыту және өзге де мектептен тыс мәдени шаралар; оқушылар арасында республикалық спорт шараларын, спартакиадалар өткізу; сауықтыру демалыстарын, саналы демала білуді, оқулар ұйымдастыру. Қосымша білім беру ұйымдарына барушы балалардың орташа жылдық саны - 4580 болады.

---------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: өскелең ұрпаққа интеллектуалдық даму үшін оңтайлы жағдайлар жасау, олардың мүддесін, бейімдігін және дарынын, өз кәсіптік орнын табуын, саналы демала білуін қанағаттандыру. Балалар мен жасөспірімдердің шұғылданушылығын көтеру, қосымша білім беру ұйымдарында оқитын балалардың санын көбейту. Өскелең ұрпақ арасында құқық

бұзушылықты азайту, денсаулығын сақтау және нығайту, оқушылардың халықаралық жарыстарда жеңістерге жетуі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына 369-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған 049 "Мәдениет және өнер саласында үздіксіз білім беруді қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 537 742 мың теңге (бес жүз отыз жеті миллион жеті жүз қырық екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 22, 25, 36, 40-баптары ; "Қазақ ұлттық музыка академиясын ашу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 наурыздағы N 269 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің жекелеген білім беру ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 карашадағы N 1782 қаулысы ; "Жекелеген жоғары оқу орындарының атауларын ауыстыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 маусымдағы N 892 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жекелеген білім беру ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 1619 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мәдениет пен өнер саласындағы ұлттық мәдениетті жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету: концерттік ұйымдарда, оқу, мәдени-ағарту орындарында музыканттарды орындаушы-солист, музыкалық театрлар оркестрінің әртістері, дирижерлер, сазгерлер, музыкатанушылар, музыкалық фольклор мамандары ретінде жұмыс істету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: музыкалық білім берудің бастауыш, орта, жоғары буындарын әдістемелік біріктіру; типтік және өзгермелі эксперименттік оқу жоспарлары мен бағдарламалары негізінде үздіксіз оқу процесімен қамтамасыз ету; жүйенің барлық буындарына ортақ орындаушылық және педагогикалық мектептер қалыптастыру; оқытудың жаңа прогрестік әдістерін енгізу және талдау; ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмыс; педагогика, музыкалық мәдениет мәселелерінің негізгі талдауларын жүзеге асыру; музыкатануға қатысты әдебиеттер шығару; Қазақстан территориясында тұратын халықтардың музыкалық мәдениетімен байланысты халықтық-дәстүрлі жанр мамандықтарын дамыту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-------------------------------------------------------------

N !Бағ.!Ша. !Бағдарлама.! Бағдарламаны !Іске ! Жауапты
!дар.!ғын !ның (шағын ! (шағын !асыру! орындаушылар
!лама!бағ. !бағдарлама.! бағдарламаны) !мер. !
!коды!дар. !ның) атауы ! іске асыру !зім. !
! !лама.! ! жөніндегі !дері !
! !ның ! ! іс-шаралар ! !
! !коды ! ! ! !

-------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-------------------------------------------------------------

1. 049 Мәдениет және өнер саласында үздіксіз білім беруді қамтамасыз ету

030 Қазақ ұлттық музыка академиясы Оқу-тәрбие, мәдени-ағарту, әдістемелік жұмыстар ұйымдастыру. Жыл бойы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Бекітілген қаржыландыру жоспарына сәйкес Қазақ ұлттық музыка академиясы сапалы білім беру процесімен қамтамасыз етумен байланысты барлық шығындарды төлеуді көздейтін академияны ұстау. Орташа жылдық контингенті 1064 білім алушыларды оқыту.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | Музыкалық білімі бар 92 маман даярлап шығару. |
| 032 | Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы | Оқу-тәрбие, мәдени-ағарту, әдістемелік жұмыстар ұйымдастыру. Бекітілген қаржыландыру жоспарына сәйкес сапалы білім беру процесімен | 2003 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы қамтамасыз етумен байланысты барлық шығындарды төлеуді көздейтін академияны ұстау. Орташа жылдық контингенті 1535 білім алушыларды оқыту, 110 өнер маманын даярлап шығару. |

---------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: қоғам дамуының интеллектуалдық және мәдени деңгейін көтеру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 370-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**050 "Мемлекеттік білім беру гранттары бойынша ел ішіндегі жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау" республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 4 930 952 мың теңге (төрт миллиард тоғыз жүз отыз миллион тоғыз жүз елу екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 4 , 13, 43-баптары ; "

Білім" Мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы ; "Мемлекеттік білім гранты туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 карашадағы N 1781 қаулысы ; " Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоғары оқу орындарында студенттер контингентін құрудың жаңа үлгісі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 сәуірдегі N 464 қаулысы ; "2002/2003 оқу жылында ел ішінде кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік жоғары білімді мамандар даярлауға тапсырыстарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 маусымдағы N 614 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттің экономика және әлеуметтік салаларын жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: кәсіптік жоғары білімді мамандарды өтеусіз негізде сапалы даярлау, жоғары кәсіптік білім алу үшін мемлекеттік білім гранттарын берудің тетіктерін жетілдіру; білім беру жүйесінің жаңа құқықтық, ғылыми-әдістемелік, қаржылық-материалдық негіздерін жасау және кадрлармен қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарламаның коды | Шағын бағдарламаның коды | Бағдарлама (шағын бағдарлама) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | 050 | Мемлекеттік білім беру гранттары бойынша ел ішіндегі жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 034 | Жаңа қабылдау шеңберінде елдің жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау | Қазақстан Республикасы Үкіметінің жыл сайынғы қаулысымен бекітілген | Қыркүйек-желтоқсан | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі | кәсіптік жоғары білімді мамандар даярлауға мемлекеттік тапсырыстарға сәйкес студенттер қабылдау. Оқу процесін мемлекеттік білім стандарттарына сәйкес жүргізу; оқу, әдістемелік, ғылыми, мәдени-ағарту жұмыстарын қамтитын білім беру қызметін жүзеге асыру; оқу процесін ұйымдастыру үшін материалдық-техникалық жағдайлар жасау; Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес толық мемлекеттік қамқорлықтағы студенттерді тамақпен қамтамасыз ету; білім беру бағдарламаларын жетілдіру; оқытудың жаңа ақпараттық технологиясын енгізу. Оқытудың жылдық орташа контингенті - 5 153 студент. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 091 | Ел ішіндегі жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау | Мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес оқу процесін жүргізу, оқу, әдістемелік, ғылыми, мәдени-ағарту жұмыстарын қамтитын білім беру қызметін жүзеге асыру; оқу процесін ұйымдастыру үшін материалдық-техникалық жағдайлар жасау; Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне толық сәйкес мемлекеттік қамқорлықтағы студенттерді тамақпен қамтамасыз ету; білім беру бағдарламаларын жетілдіру; оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын енгізу. Оқытудың жылдық орташа контингенті - 45 917 студент. | Жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі |

----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: кәсіптік жоғары білім алу үшін мемлекеттік білім гранттарын беру жолымен кәсіптік білім алудың қол жетімділік деңгейін көтеру; қоғам дамуының интеллектуалдық, мәдени және адамгершілік деңгейін арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына 371-қосымша

*Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.07.01. N 150г* қаулысымен .

*Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.11.06. N 150л* қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**051 "Болашақ" бағдарламасы шеңберінде шетелдегі жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау" республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 265454 мың теңге (екі жүз алпыс бес миллион төрт жүз елу төрт мың теңге) . < * >

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 46-бабы ; "Білім" Мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық "Болашақ" стипендиясына үміткерлерді іріктеу мен тағайындау туралы Ережені және шетелде кадрлар даярлау туралы республикалық комиссияның ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы N 470 Жарлығы ; "Шет елде кадрлар даярлау үшін" Қазақстан Республикасы Президентінің Халықаралық "Болашақ" стипендияларын тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 қарашадағы N 1394 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 3 наурыздағы N 3375 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы Ереже.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жарияланған рейтингтерге сәйкес өте жақсы көрсеткіштерге жеткен шетел жоғары оқу орындарында Қазақстанның дарынды жастарына магистр (шебер) деңгейінде жоғары білім алуға көмек көрсету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: шетелде әлемдік білім деңгейіне сәйкес келетін білікті мамандар даярлау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар:

| N | Бағ. дар. лама коды | Шағын бағ. дар. лама. ның коды | Бағдарлама. ның (шағын бағдарлама. ның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер. зім. дері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

---------------------------------------------------------------

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 051 | "Болашақ" бағдарламасы шеңберінде шетелдегі жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау | Шетел жоғары оқу орындарында оқитын 63 стипендиаттың оқуын, көрсетілген қызметтерді ескере отырып, шетелдік делдал ұйымдар мен Қазақстан Республикасының АҚШ-тағы Елшілігі арқылы сондай-ақ сапалы білім алу процесіне; келу және кету визаларын ресімдеуге, шетел жоғары оқу орындарының анкеталық нұсқаларын төлеуге, стипендиаттарды қабылдаушы елдердің уәкілетті органдарында тіркеуге; тамаққа, стипендияға, оқу әдебиетін сатып алуға, медициналық сақтандыруға, Қазақстандағы мекен-жайынан оқуға түскен жерге дейінгі аралыққа және оқуды аяқтаған соң қайта оралуға байланысты шығындарын төлеу. <*> | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

---------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының экономикасын және әлеуметтік салаларын әлемдік еңбек нарқына жауап бере алатын жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 372-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған 053 "Мәскеу авиация институтының "Восход" филиалында кадрлар даярлау" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 9 735 мың теңге (тоғыз миллион жеті жүз отыз бес мың теңге).

